

Г.К. Абдирасилова, М.С. Атабаева, С.К. Салихова

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ab.gulmira@mail.ru)*

Жер-су атауларындағы ұлттық мәдени ақпарат жайында

Мақала жер мен су атауларындағы ұлттық мәдени ақпараттың ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Авторлар ғасырлар бойы қалыптасқан және лингвомәдени сипаты бар географиялық атауларда көрініс тапқан ұлттық дүниетанымның өзгешелігін және қазақ этносының өмірлік дағдыларының, тыныс-тіршілігінің куәсі болып табылатын жер мен су атауларының өзіндік ерекшелігін қарастырған. Жүргізілген зерттеулердің негізінде авторлар тарапынан дәстүрлі қазақ мәдениетінің ошағы болып табылатын көшпелі мал шаруашылығының тек географиялық ортамен тығыз байланысты болу мүмкіндігі тұжырымдалған. Сондай-ақ, шаруашылықтың бұл түрінің өзіндік физика-географиялық, табиғи ерекшелігі бар белгілі геоэкологиялық зоналарда ғана болатындығы дәлелденген. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтың өзі мекен еткен, тіршілік құрған географиялық ортаға бейімделу, сол ортаның табиғи ресурстарын пайдалана білу қабілеттері көрсетілген және жер-су атауларында сол жерлердің айрықша белгілері жайында сақталған ұлттық дүниетанымдық ақпараттың молдығы айқындалған.

Кілт сөздер: топоним, дәстүрлі мәдениет, көшпелі мал шаруашылығы, этномәдени мазмұн.

1. Кіріспе

Тіл — адам мен оны қоршаған ортаны жалғастыратын дәнекер. Топонимиялық атауларды бастапқыда география ғылымы зерттеген, осы бағыттағы көрнекті ғалым Ғ.Қоңқашбаевтың тұжырымдауынша, Қазақстан жерінің кеңдігінен оның табиғаты да әртүрлі, оңтүстігі құмды ыстық шөлдер болса, солтүстігінде орманды далалар, ал оңтүстік-шығысында бір белдеуде созылып жатқан таулар болғандықтан, шаруашылықты жүргізу, жерді күтіп баптауға өз әсерін тигізбей қоймайды, ал ертеректе қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, сондықтан малға жайылым іздеп, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафтық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі — мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты меңгерген [1; 19]. Сонымен қатар, халық өзі мекен еткен, тіршілік құрған географиялық ортаға бейімделіп, қажетіне қарай сол ортаның табиғи ресурстарын пайдалана да білген.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің ошағы — көшпелі мал шаруашылығы географиялық ортамен тығыз байланыста ғана өмір сүре алады, себебі шаруашылықтың бұл түрі өзіндік физика-географиялық, табиғи ерекшелігі бар белгілі геоэкологиялық зоналарда ғана болады. Қазақтың ежелгі дәстүрлі мәдениеті *көктеу, жайлау, күздеу, қыстау* аталатын маусымдық жайылымдарды пайдалану арқылы көшпелі сипатқа ие болған, жылдың төрт мезгілінде өзінің тіршілік ететін кеңістігін жылына бір айналып өтеді. Жазық дала мен аспан аясын дөңгелек пішінде қабылдау үрдісі ежелгі сақ көшпенділері дүниетанымымен байланысты болатын. Қазақтардың өзі өмір сүретін кеңістікті игеруі дөңгелек үлгісіндегі шексіздік мағынасын білдіретін киіз үйдің құрылымынан көрінеді [2].

Осыған орай, халықтық географиялық терминдер мен топонимдік атаулар кез келген аймақтың физика-географиялық ерекшеліктерін дәл, айнытпай бере алады деп түсінуге болады. Жалпы, географиялық атаулардың жергілікті жер ерекшеліктерін дәл бейнелеген жағдайда ғана өміршең келетінін ғалымдар да көрсетеді. **Қарабалық** — Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы елді мекен. Б.Бектасованың пайымдауынша, Қыпшақтардың бір атасы Тобылдың етек жағындағы, Ой өзені жазығы Арақарағай орманының құнарлы жерін мекен еткен, сол мекен **Қарабалық** аталған. Атаудың екінші сыңары — «Балық» сөзі «балшық», «батпақ» деген мағынаны білдіреді. Ертеректе тұрғындар **Қарабалшық** деп атап, сөз арасындағы *ш* түсіп қалғандықтан, **Қарабалық** болып қалыптасқан [3; 35]. Т. Жанұзақов атаудың бірінші сыңарындағы **қара** сөзі түр-түстен гөрі «үлкен, ірі, зор» мәніне ие де, **балық** «қала» мәніндегі көне түркі сөзі деп есептейді [4; 107].

Тілдік формада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде «ғаламның тілдік көрінісі», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде

«тіл аралық ғалам» деп көрсетіліп жүр. Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, *ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін* құрай алады.

Осыған орай, қазақ ономастикасының ұлттық болмыс концептілерін жасауға қатысты тіл мен таным үдерістерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді деуге болады. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың өмір сүру дағдысымен, жинақталған тәжірибесімен, білімімен өзектесіп жатады. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйген білімінің негізі болып табылады. Сол себепті оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әртүрлі. Б.М. Тілеубердиевтің пайымдауынша, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін топонимдер кешені әрбір тұрғынның зердесінде сақталған ерекше бір картаны елестетеді. Ономастика кешеніне кіретін географиялық атаулардың бірін еске салғанда, аталған географиялық нысанның «ой картасын» бірден көз алдына келтіре білген. Егер мал *«Ұзынбұлақтың* басында жайылып жатыр» деген хабар берілсе, бұл хабарды қабылдаушы *Бесжал* тауының оңтүстігіне қарай *Қаратас* жарының басындағы *Кеңсай* жырасының солтүстігінде жайылып жатқан малды «ой картасында» елестете білген. Егер мал жайылып жатқан жерді дәлірек елестету керек болса, онда аталған нысанның маңында орналасқан өзіндік белгі қызметін атқаратын ұлттық болмысты бейнелейтін қосымша топонимдер аталған [5; 25, 26] дейтін тұжырымын Қ. Жұмаділовтің шығармасынан алынған мына үзінді толықтыра түседі:

... Сонау оңтүстікте, аспан мен жердің астасқан тұсында, көгілдір пердедей мұнартып, Майлы-Жайыр таулары көлбеп жатыр. Төңірек кеугім тартқан сайын шығыс жақтағы Орқашар биіктері де аласарып, теңізге батқан кемедей қарауытып шөгін барады. Сол Орқашартауынан басталып, Қаракөмерді белдеулеп ағатын Еміл өзені бұл жерден қазір көрінбейді. Ал қыста бүркіт салып жүріп, Тарбағатайдың биігіне шықсаңыз, Емілдің мұзы кемер белбеудей созылып, жарқырап жатады. Сондай бір сәтте Қанағат осынау Құлыстай деп аталатын қазан шұңқыр кең өлкені қазақы ердің қапталына ұқсатушы еді. Тарбағатай тауы ердің алдыңғы қасы болғанда, Майлы-Жайыр сілемдері ердің артқы қасындай тәйішып жатыр. Ал ортадағы Еміл дариясы көлденең саған күміс ныстан іспетті. Таяудағы Арқарлы жазығының үстінен будақ-будақ шаң көрінеді... Мұндағы кейіпкердің «ой картасын» түзу тірегі — *Майлы-Жайыр таулары*, өйткені оның көлемі аспан мен жердің арасын алып жатыр. Күннің батуына орай, осы «ой картасын» түзетін қалған нысандар бірінен соң бірі тізбектеліп кейіпкер көңілінде айрықша бейнеге айналады. Ол бейнеде халықтың ұлттық таным әлемі көрініс береді, кейіпкер оған өзіндік бояуын да қосып, суретін салып тұр. Ол сурет те ұлттық ерекшелікке, ұлттық танымға негізделген.

Бұдан қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін ономастиканың өмірде маңызды орын алып, олардың шексіз дала алқабы мен шөлді жайылымдарда көші-қон кезінде белгілі қызмет атқарғанын байқау қиын емес. Ономастикалық атаулар жүйесінде этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін сөздердің көп болуын тіл иесінің топонимикалық нысандарды «көзбен шолуға» негізделген қабілетімен, қазақтардың тұрмыс-салтымен, этномәдени шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады. Тіл иесінің ғалам туралы білімдердің жиынтығын, тілдің жеке бірліктерінде нақты тілдік қауымдастықтың ұлттық тарихи-мәдени және әлеуметтік тәжірибесі ретінде елестетуге болады [6]. Адамдардың қандай да бір лингвомәдени қауымдастығының құнды тәжірибесі, ғаламды тануы мен түсінуі тілде жалпы есімдер арқылы ғана емес, сондай-ақ жалқы есімдер арқылы да беріледі.

2. Зерттеудің деректері мен әдістері

Жалқы есімдер мәдениеттің басты концептілерін нақты көрсете отырып, айқын түрдегі кумулятивтік функцияға ие болады. Жалқы есімдер онимдер арқылы тілдік таңбаларға, тілдік бірліктерге айналып, ғаламның ономастикалық моделін, кескін-келбетін жасай алады. Ғаламның ономастикалық моделі немесе бейнесі адамның ғалам туралы түсініктерін және ғаламды тану қасиеттерін бейнелейді де, олар да антропоэлекті қасиетке ие болады.

Ұлттық дүниетанымды, мәдени-тарихи әлеуметтік құндылықтарды түсіну үшін жалқы есімдердің *антропоним, топоним, зооним, этноним* т.б. түрлі категорияларына сүйену арқылы антропонимиялық, топонимиялық, этнонимиялық, ғаламның басқа да бейнелері құрылады. Ғаламның антропонимиялық бейнесі дегенді қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен

тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі, әл-ауқаты, хал-жайы, тіршілік тұрмысы жайындағы ақпаратты алу, оны қайта өңдеп халыққа беру деп түсіну керек. Ал, ғаламның топонимиялық бейнесі адам өмір сүріп, тіршілік еткен шаруашылығы мен танымдық қызметі іске асатын географиялық орта туралы ойлау, сөйлеу ақпаратын бекітеді. Топонимдік атаулар мазмұнындағы ұлттық мәдени ақпаратты танып білу үшін лингвистикалық талдау әдістері қолданылады, оның ең бір тиімді жолы этимологиялық талдау болып табылады, сонымен қатар, семантикалық, лингвомәденитанымдық талдаулар арқылы этномәдени мағынаны танып, түсінуге қол жеткізуге болатыны анықталды.

3. Нәтижелер мен олардың талқылануы

3.1 Жер-су атауларының қалыптасу факторлары.

Қазіргі Қазақстан аумағы Орта Азиямен қатар ежелден-ақ әлемнің Шығысы мен Батысын жалғастыратын көпір қызметін атқарғаны белгілі. Аймақты шөлдер мен суармалы аудандар, таулар мен ормандар, шетсіз-шексіз жазық далалы кеңістіктер құрайды. Осыған орай, бұл аймақта отырықшы және көшпелі мәдениет үйлескен күрделі мәдени-шаруашылық кешен қалыптасты [7; 138].

Топонимдердің пайда болып қалыптасуына көптеген жағдайлар, факторлар ықпал етеді. Жер-су атауларының қалыптасуы да жеңіл-желпі мәселеге жатпайды. Оны топонимдердің тіл жүйесіндегі орны, лексикалық мағынаның бар-жоғы және топонимдер семантикасына қатысты ғалымдардың көзқарасынан-ақ пайымдауға болады. Топонимдердің пайда болуына *тарихи* жағдайлар [4] мен *географиялық орта* әсер етеді және атау географиялық нысанның өзімен тікелей байланысты [8], географиялық атау — қоғамдық құбылыс [9], атаудың пайда болуына географиялық нысанның айрықша белгісі әсер етеді [10] дейтін, сонымен қатар, әлеуметтік фактордың жетекшілік қызметін негізге алатын [11] пікірлер де кездеседі. Осы аталған және басқа да пікірлерге сүйене отырып, К.Д. Қаймулдинова төмендегідей түйін жасайды:

біріншіден, табиғи нысандарға атау беруде олардың айрықша белгілері ескерілген, (М., Ақтау, Қаратау — тауды құрайтын жыныстар түсі; Терісаққан, Тентек — судың ағысы т.б.);

екіншіден, табиғи нысандардың шаруашылық маңызы тұрғысынан бағалануы, бұл баға атауларда көрініс табады (Жамантұз, Сорбұлақ, Жақсытау т.б., атау берудегі белгі нысандардың шаруашылыққа қолайлылығы немесе қолайсыздығы);

үшіншіден, географиялық нысандардың сыртқы пішіні, көлемі т.б. (Айрық индикаторы өзендердің тарамдалуын білдіреді; онимдерде «айыр» анықтауышы таудың пішінін сипаттайды, Айыртау, Айыртөбе т.б.) [7; 135–146]. Бұдан адам баласы сонау ерте замандардан-ақ өзінің тіршілік ортасының қыр-сырын білуге, оны игеріп керегіне жаратуға ұмтылғаны көрінеді. Осы *айрықша белгілерге* атау қажеттілігін туғызатын себептердің сәйкес келуі арқылы **топонимдік атау** пайда болады.

Сөйтіп, жер-су атаулары пайда болуының: *тарихи, табиғи-географиялық, әлеуметтік, экономикалық* факторлары сөз болып жүр [7; 156–179]. Жер-су атауларының пайда болу себебін бұлайша бөлу шартты деуге болады, өйткені бұл факторлар — бірінен-бірін бөлуге келмейтін тұтас жүйе. Осы жүйе табиғи-географиялық негізге сүйенеді, халық өзі тіршілік ететін кеңістікті зерделеп, шаруашылығын соған сәйкес ұйымдастырады. Кез келген жалқы есім халықтың күн көрісіне байланысты өмірге деген қажеттіліктен туған. Қазақ топонимдері қазақ этносы мекен еткен аймақтағы әртүрлі факторлардың әсерімен қалыптасқан. Адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Қазақ халқы да белгілі нысанның тұрмыс-тіршілігіне қолайлы, тиімді болуына қарай бағалап, оның негізгі белгілерін анықтап барып, соны танытатын атаумен атаған. Мұндай халықтық терминдер қатарына: *боз, ащы, тұщы, сор, жақсы, жаман, тұз, саз, томар, құм* т.б. толып жатқан атауларды жатқызуға болады, бұлардың әрқайсысы сол жердің айрықша сипат, белгісінен хабар беріп тұр. Құрамында осындай сөздер бар топонимдер әр аймақта кездеседі. Мысалы: *Жаманбұлақ, Жаманкөл, Жаманқұм, Жаманқара, Жаманқұлақ, Жаманшұбар, Жамантұз* т.б. атауларының бірінші сыңарындағы «жаман» сөзі көп жағдайда «нашар, кішігірім, сазды аласа, жатаған» мағыналарын білдіреді [4; 89]. Ал *Жаманшұбар* атауы құрамындағы *шұбар* сөзі де топонимдер құрамында жиі кездеседі. Т. Жанұзақов оның моңғол тілінде «саз жер» мағынасында қолданылатынын келтіреді, қазақ тілінде «тал, қайың, терек, шетен» тәрізді ағаштар аралас өскен тоғай, жер» мағынасын да білдіреді. Белгілі этнограф А. Сейдімбеков: «бұл жер малдың денесін тырнап, қойдың жүнін іліп қалатын жағымсыздау өсімдік *күндіқараганның* селдіреп, сирек өсуімен байланысты» аталған деп

есептейді. Т. Жанұзақов айтылғандарды негізге ала отырып, Жаманшұбар атауының «қайың, терегі аралас шағын шоқ тоғай» не «бір тұста шөбі қалың болып келіп, әнтек сорланып, ақтаңданып жататын жазық» деп қарайды [4; 77].

Жер-су аттары ғасырлар бойы жасалып, лингвомәдени сипатқа ие болады, географиялық атаулар да тілдегі мақал-мәтел, тұрақты тіркестер тәрізді даяр күйінде жеткен бірліктер. Қоғамда топоним жасауға деген қажеттілік болғанымен, халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған атаулары өзгертуге келе бермейді, өйткені ол атауларда сол жердің айрықша белгілері жайында ұлттық дүниетанымдық ақпарат сақталады. Б. Бияровтың еңбегінде Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданындағы *Ошағанды* тарихи атауын туралы айтылады, оны бір кездері өзгертіп *Березовка* атаған, кейін «қазақшалау» науқанында «Қайыңдыға» ауыстырған. Халық ол жерді «Ошағанды» деп бекер атамаған, ол «малға жайсыз, ошағаны көп» деген семантикаға ие, ошаған — «тікен» екені белгілі, ол мал үшін азық болмайды, жаралайды, жүніне, терісіне де зиян. *Ошаған* — сол жердің маңызды белгісі, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халық үшін ескерту беріп тұратын атау ретінде қалыптасқан. Ал *Бөрілі* топонимі «бұл жер — бөрі жасырынатын бұта қарағаны мол, соқпалы жер» дегенді аңғартса, *Құлынембес* — «оты (құлынембес шөбі), суы мол жер» дегенді білдіреді, *құлынембес* — шөптің аты, жайылып тойған құлын енесін ембейді» деген ақпарат беріп тұрғаны айқын [12; 5, 6].

Қай халық болса да, өзі өмір сүретін кеңістігін сол жердің ерекшелігіне қарай таңбалайды, ал көшпелі өмір сүру салтын ұзақ сақтаған қазақ халқы үшін жер-су атауы олардың жадында сақтаулы тұрған географиялық картасының қызметін атқарған. Сол себепті әр атау сол жердің бедерін, кадр-қасиетін, айрықша белгілерін ұлттық дүниетаным, психология тұрғысынан аса дәлдікпен белгілеп отырған. Егер атау сол жердің ерекше белгілерін білдірмесе, көш адасады, мал арып-ашығып, шаруашылық күйзеліске ұшырайды. Халықтың дүниетаным нәтижесінде пайда болған атаулар этнос өмірінің кейінгі кезеңдерінде де қызмет етеді, ғылымның басқа салаларына ақпарат береді. Мысалы, Алакөл ауданында *Жыланды* ойконимі бар, халық атауды сол жерде жылан көп болғандықтан қойған, ол да ескерту. Халық дүниетанымында ешбір тіршілік иесінің ұясын, ордасын бұзуға болмайды, жыланның ордасына жақын мекен салмайды. Академик Қаныш Сәтбаев Жезқазған өңіріндегі *Жыланды* атауы туралы: «Бұл жерде түсті металл бар екен, өйткені жыландар түсті металл бар жерді мекендейді, себебі қыстыгүні ол жерлер жылы, жаздың ыстық аптаптарында салқын болады» деп жазған екен.

3.2 Қазақтың халқының дәстүрлі шаруашылығының негізі — төрт түлік.

Жер-суға ат қойып таңбалауда этномәдени фактор мен географиялық фактор да тығыз байланысты, себебі халықтың танымын бейнелейтін негізгі кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, сал-дәстүр, әдет-ғұрпы белгілі географиялық ортада қалыптасады. Географиялық ортаның ерекшеліктері шаруашылық түрін таңдауда шешуші ықпал етеді. Қазақстанның ұлан-байтақ аймағында қоршаған ортаның ерекшеліктеріне сай геоэкологиялық, ландшафтық-климаттық зоналарға байланысты төрт түліктің белгілі түрлері басым түрде өсіріледі. Шөл, шөлейт жерлерде түйе малы, ал Сарыарқаның бетегелі қауданды боз оттарында, негізінен, жылқы түлігі өсірілген. Ащы шөптен түйенің ең тәуір көретіні сасыр мен жантақ [13; 73]. С. Мұқанов қой мен ешкі де көшпелілердің көне заманнан малданған түлігінің бірі болғанын атап өтеді. Қойдың азықтық, киімдік пайдасы жылқы мен түйе түліктерінен артық, сонымен қатар, көшіп-қону кезінде қой малы ұзақ жолға шыдамды келеді. Қойдың көп өсірілген аймақтары: Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары саналады [13; 76, 77].

Маусымдық жайылымдарды пайдаланумен байланысты көшпенді сипат алған мал бағу әрекеті қазақтардың қоршаған ортаны терең тануына бағыт сілтеді, жол ашты. Жазық дала мен аспан аясын дөңгелек пішінде қабылдаудың төркіні ежелгі сақ көшпенділерінің дүниетанымымен байланысты болатын. Қазақ дүниетанымында *кеңістік* бейнесі — дөңгелек, шеңбер. Мал қамымен **жайлау-күздеу-қыстау-көктеу** маусымдарында өзін қоршаған кеңістікті бір айналып шығу арқылы әлемнің шеңбер бейнесін көре білді. Табиғи нысандардың кеңістікте орналасуы, пішіні т.б. белгілері осы үлгіде номинацияланды. Бұл қатарда төрт түлікке қатысты атаулар алдыңғы қатарда тұрады деуге болады [14].

Мал шаруашылығын қалыптастырып дамытуда табиғи су көздерін тауып, оларды пайдалану маңызды болған, олардың атауларында судың сапасы, тереңдігі, таяздығы т.б. суға қатысты ақпарат сақталады. Мысалы, *Суықбастау*, *Қотырбұлақ*, *Жалақсу*, *Күмісбұлақ*, *Айнакөл*, *Алакөл*, *Байбұлақ*, *Аиысу*, *Бестоган*, *Қаратоган*, *Күбіқұдық*, *Қосқұдық*, *Тасқұдық*, *Қасқабұлақ*.

Қыстауларда малға қора салынған, сонымен қатар, табиғи нысандарды да пайдаланған: *Тасқора, Шымқора, Ұңгіртас, Дарбазақұм* т.б.

Географиялық нысандардың ерекше белгілеріне ұқсату арқылы метафоралы атаулар жасалған: *Босаға, Азутас, Бөктер, Демікпе, Жайпақ, Жалаңашкөл, Жамбас, Күркілдек, Тентек* т.б.

Географиялық нысан мазмұнында аймақтық белгінің мол екенін танытатын ақпарат болады: *Бүркітті, Бұлақты, Доланалы, Ерменсай, Жыланды, Жыңғылды, Биесыймас* (қамыстың қалыңдығы)

Көшпелі тұрмысқа байланысты қойылған атаулар: *Есекартқан (асу), Үйсінасқан, Жузасу, Үйгентас, Ұңгіртас* т.б.

3.3 Ұлы Жібек жолы кезеңіндегі мал шарушылығы.

Қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеген С Мұқанов қазақ үшін төрт түліктің ішінде жылқы малының аса қадірлі болғанын, әсіресе жаугершілік заман талабына сай аса құнды мал саналғанын айтады. Қазақ арасында жылқылы байлар көп болған. Түйе малы жүк көлігі ретінде өсірілген. «Отыз соқыр» түйе табынға иелік еткен ауқатты адамдар болған. «Соқыр» өлшем бірлігі санынан жаңылмас үшін әрбір жүзінші түйенің сол жақ көзін шығарып, сол арқылы санайтын болған, сонда «Отыз соқыр» үш мың түйе дегенді білдіреді.

Философтардың айтуынша, төрт түлік шаруашылық қажеттілігіне қарай еңбек құралы, нысан, жылжымайтын капитал тәрізді қызмет атқарған. Ұлы Жібек жолы кезінде Қазақ даласының оңтүстік аймағы арқылы жүретін саудагерлер шөлге, алыс жолға төзімді түйе жануарына, күшті жылқы түлігіне мұқтаждық көрген. Оны бере алатын Дала көшпелілері еді. Бұл қажеттілік мал тұқымын жақсартуға деген талапты ұлғайтады. Сөйтіп, мал көшпелілер үшін еңбек құралына, көшпелі өндіріс құралына айналады. Алайда көшпелілер үшін мұндай қызықтырушы фактор ұдайы бола бермейді. Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырып тұрған Ұлы Жібек (XIII ғасыр) жолының бұзылуымен бірге көшпелі тұрмыс өніміне деген қажеттілік те азайды деп есептеледі [15; 36–38].

4. Қорытынды

Адамзат қоғамы ғасырлар бойы қалыптасқан топонимдердің күрделі әлемінде өмір сүреді. Адам географиялық атауларды күнделікті өмірінде жиі қолданады: ақпарат құралдарынан естиді, оқиды; өмірдегі маңызды оқиғалар, маңызды ақпараттар географиялық атаулармен байланысты болады. Қазіргі өркениетті географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес, топоним қоғам дамуының ажырамас бөлігіне айналған. Алайда күнделікті қолданып жүрген атауларымыздың мағынасы мен шығу тегін біле бермейміз. Ал топонимия кез келген аймақтың, елдің тарихы мен географиясының, халқының айнасы деуге болады. Сол себепті топонимдердің мағынасын ашып, олардың пайда болу, өзгеру сипатын зерттеп түсіну тек топонимика үшін ғана емес, халық тарихы үшін де қажет. Кез келген атау белгілі уақытта, белгілі себеппен, белгілі **кеңістікте** пайда болады.

Кез келген этностың кеңістікті игеруі оның топонимиясында көрініс табады. Этнос мәдениеті оның кеңістікті қалай көріп, танып игеруіне қарай қалыптасады деуге болады. Этногенез тұрғысынан алғанда, әр халықтың кеңістікті қабылдауы, оның рухани мәдениетте бейнеленуі әртүрлі болады. Адам қоршаған ортадағы белгілі нысандарды, олардың ерекшеліктерін өзіндік түсініктер жүйесі көмегімен дәл бейнелеуі арқылы *топонимдер әлемінің тілдік үлгісін* құрайды. Оны *әлемнің топонимиялық бейнесі* деп атайды. Әлемнің топонимиялық бейнесі, ономастикалық бейнесі, ономастиканың ұлттық бейнесі ұғымдары бар, бұлар әр этностың ұлттық-мәдени ерекшелігін танытады. Топонимдік кеңістік — кез келген ұлттың ономастикалық кеңістігінің құрамдас бөлігі. Ономастикалық кеңістік өз кезегінде ұлттық мәдени кеңістік және мәдени ландшафт аясын қамтиды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Конкашбаев Г.К. Казахские народные географические термины: автореф. дис. ... канд. филол. наук. / Г.К. Конкашбаев. — Алматы, 1949. — 25 с.
- 2 Атабаева М. Отражение традиционной казахской культуры в языке / М. Атабаева, А. Богенбаева, Г. Еркегалиева, М. Бисенбаева // ОРЦИОН. — Ч. 35. — № 88. — С. 112–127.
- 3 Бектасова Б.К. Краткий топонимический словарь Костанайской области / Б.К. Бектасова. — Костанай: КГУ им. А. Байтұрсынова, 1996. — 237 с.
- 4 Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы / Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 524 б.
- 5 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері / Б.М. Тілеубердиев. — Алматы: Арыс, 2006. — 280 б.

- 6 Бисенбаева М. Историко-когнитивный пласт этнокультурной лексики (на примере казахского языка) / М. Бисенбаева, З. Османова, Г. Тулегенова, М. Атабаева // *OPCION*. — Ч. 34. — № 15. — С. 375–397.
- 7 Қаймульдинова К.Д. Топонимика / К.Д. Қаймульдинова. — Алматы: Дәуір, 2011. — 336 б.
- 8 Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов / Э.М. Мурзаев. — М.: Наука, 1984. — 653 с.
- 9 Никонов В.А. Научное значение микротопонимии / В.А. Никонов // *Микротопонимия*. — М.: Изд-во МГУ, 1967. — С. 13–15.
- 10 Жучкеевич В.А. Общая топонимика / В.А. Жучкеевич. — Минск: Выш. шк., 1968. — 184 с.
- 11 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного / А.В. Суперанская. — М.: URSS, 2007. — 366 с.
- 12 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері / Б. Бияров. — Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. — 432 б.
- 13 Мұқанов С. Халық мұрасы / С. Мұқанов. — Алматы: Қазақстан, 1974. — 236 б.
- 14 Мурзинова А. Национальные и культурные особенности стереотипных прецедентных имен / А. Мурзинова, А. Тымболова, К. Елшибаева, Г. Абдирасилова // *Xlinguae*. — Ч. 11. — № 2. — С. 703–717.
- 15 Кішібеков Д.К. Истоки ментальности казахов / Д.К. Кішібеков. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 204 с.

Г.К. Абдирасилова, М.С. Атабаева, С.К. Салихова

О национальной культурной информации в названиях земель и вод

Статья посвящена изучению особенностей национальной культурной информации, встречающейся в названиях земли и воды. Авторами рассмотрены специфика национального мировоззрения, выраженная в географических названиях, сформированных на протяжении веков и имеющих лингвокультурный характер, а также своеобразие названий земли и воды, отражающих жизнедеятельность казахского этноса. На основе проведенных исследований была сформулирована возможность тесного контакта с географической средой кочевого скотоводства, являющегося очагом традиционной казахской культуры. Доказано, что данный вид хозяйства представляет собой только определенные геоэкологические зоны, обладающие собственными физико-географическими, природными особенностями. По мнению авторов, способностью населения, занятого кочевым скотоводством, адаптироваться к географической среде обитания, определяется изобилие национальной мировоззренческой информации, сохранившейся в названиях земельно-водных названий.

Ключевые слова: топоним, национальная культура, кочевое хозяйство, этнокультурное содержание.

G.K. Abdirassilova, M.S. Atabayeva, S.K. Salikhova

National cultural information in the names of lands and waters

The article is devoted to the study of the features of national cultural information in the names of land and water. The authors consider the specifics of the national worldview, expressed in geographical names formed over the centuries and having a linguistic and cultural character, as well as the originality of the names of land and water, reflecting the life of the Kazakh ethnic group. Based on the research, the possibility of close contact with the geographical environment of nomadic cattle breeding, which is the focus of traditional Kazakh culture, was formulated. It is proved that this type of economy represents only certain geoeological zones that have their own physical, geographical, and natural features. According to the authors, the ability of the population engaged in nomadic cattle breeding to adapt to the geographical environment is determined by the abundance of national worldview information preserved in the names of land and water names.

Keywords: toponyms, traditional culture, nomadic cattle breeding, ethnocultural content.

References

- 1 Konkashbaev, G.K. (1949). *Kasakhskie narodnye heohraficheskie terminy* [Kazakh folk geographical terms]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].
- 2 Atabayeva, M., Bogenbayeva, A., Yerkegaliyeva, G., & Bissenbayeva, M. (2019). Otrazhenie traditsionnoi kasakhskoi kultury v yazyke [Reflejo De La Cultura Tradicional Kazaj En El Lenguaje]. *OPCION*, 35, 88, 112–127 [in Russian].
- 3 Bektasova, B.K. (1996). *Kratkii toponimicheskii slovar Kostanaiskoi oblasti* [Brief toponymic dictionary of Kostanay region]. Kostanai: A. Baitursynov KKSU [in Kazakh].
- 4 Zhanuzakov, T. (2007). *Qazaq onomastikasy* [Kazakh onomastics]. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].
- 5 Tleuberdiev, B.M. (2006). *Qazaq onomastikasy synyn linbhokohnitivtik aspektileri* [Linguistic and cognitive aspects of the Kazakh onomastics]. Almaty: Arys [in Kazakh].

- 6 Bissenbayeva, M., Osmanova, Z., Tulegenova, G., & Atabayeva, M. (2018). Istoriko-kognitivnyi plast etnokulturnoi leksiki (na primere kazakhskoho yazyka) [Historically-cognitive stratum of ethnocultural Lexis (on example of the Kazakh language)]. *OPCION*, 34, 15, 375–397 [in Russian].
- 7 Kaimuldinova, K.D. (2011). *Toponimika [Toponymy]*. Almaty: Daur.
- 8 Murzaev, E.M. (1984). *Slovar narodnykh heohraficheskikh terminov [Dictionary of folk geographical terms]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 9 Nikonov, V.A. (1967). *Nauchnoe znachenie mikrotoponimii [Scientific significance of microtoponymy]*. Moscow: Izdatelstvo MHU [in Russian].
- 10 Zhuchkevich, V.A. (1968). *Obshchaia toponimika [General toponymy]*. Minsk: Vysheishaia shkola [in Russian].
- 11 Superanskaya, A.V. (1973). *Obshchaia teoria imeni sobstvennoho [General theory of proper names]*. Moscow: URSS [in Russian].
- 12 Biyarov, B. (2013). *Qazaq toponimderinin tiptik ullileri [Typical models of Kazakh toponyms]*. Astana: Kazakhstan [in Kazakh].
- 13 Mukanov, S. (1974). *Khalyk murasy [The people's heritage]*. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- 14 Murzinova, A., Tymbolova, A., Yelshibaeva, K., & Abdirasilova, G. (2018). Natsionalno-kulturnye osobennosti stereotipnykh pretsedentnykh imen [The national and cultural peculiarities of stereotyped precedent names]. *XLinguae, Issue, 11, 2*, 703–717 [in Russian].
- 15 Kishibekov, D.K. (2006). *Istoki mentalnosti kazakhov [The origins of the mentality of the Kazakhs]*. Almaty: Daik-Press [in Russian].